

# Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі



**2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша  
№ 207 баспасөз – релизі**

**Қазақстан Республикасының банк секторы 2-бет**

**Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы 6-бет**

**Жинақтаушы зейнетақы нарығы 8-бет**


**Бағалы қағаздар нарығы 10-бет**

**Банк операцияларының жекелеген түрлерін  
жүзеге асыратын ұйымдар 11-бет**


**Қаржылық қызмет көрсетуді тұтынушылардың  
мүдделерін қорғау 12-бет**

\* - Меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді.


Сақтандыру секторы



Банк секторы



ЖЗҚ зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициентінің ара қатынасы



**2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері**

(млрд. тенге)

Атауы	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қоры	Сақтандыру секторы	Ипотекалық ұйымдар
Жиынтық активтер	11 945,7	87,0	327,6	78,2
Жиынтық міндеттемелер	12 445,1	11,7	140,3	59,6
Меншікті капитал	-499,3	75,3	187,3	18,6

**БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)**

**2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 39 екінші деңгейдегі банкпен көрініс алады.**


2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері 2010 жылғы 1 наурыз айында 200,6 млрд. теңгеге немесе 1,7%-ға ұлғайып, 11 945,7 млрд. теңге болды. Активтердің ұлғаюына "Al-Hilal" Ислам банкі" АҚ-ның (17.03.2010ж. ашуға лицензиясы) ислам банкі ашылуы мүмкіндік туғызды.

1 сәуірде банк секторының жиынтық есептелген меншікті капиталы (- 394,3) млрд. теңгені құрады. Агенттік Басқармасының «Альянс Банкі» акционерлік қоғамының мәселесі бойынша» 19.04.2010 жылғы №54 қаулысына сәйкес «Альянс Банкі» АҚ-ның міндеттемелерін қайта құрылымдауы аяқталды. «БТА Банк» АҚ және "БТА Банк" АҚ ЕҰ - "Темірбанк" АҚ ескермегенде есептелген меншікті капитал 1 460,3 млрд. теңгені құрады.


Шетел валютасында номинирленген активтер жиынтық активтердің 42,2%-ын немесе 5 041,8 млрд. теңгені құрады.

1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды ескере отырып) 2010 жылғы наурыз айында 84,1 млрд. теңгеге немесе 0,9%-ға азайып, 9 471,9 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, ҚР резиденті еместерге заемдар ағымдағы жылдың 1 сәуір айында 1 687,9 млрд. теңгені құрады немесе несиелік портфелінің 17,8%-ы болды (1.01.2010ж. осы көрсеткіш 1 803,3 млрд. теңге немесе 18,1% болған). 1 сәуірдегі жағдай бойынша шетел валютасында берілген заемдар жиынтық несиелік портфелінің 56,3%-ын немесе 5 337,4 млрд. теңгені құрады.

**Активтер, міндеттемелер және есептелген меншікті капитал**



**Банктердің несиелік портфелі**




**Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша, оның ішінде 1.04.2010ж. Қазақстан Республикасының резиденті еместерге берілген заемдар бойынша ақпарат**

млрд. теңге


№	Банктер атау	Несие портфелі	Банк жүйесі б/ша ҚР резиденті еместерге жиынтық займдардағы банктің ҚР		Несие портфеліндегі ҚР резиденті еместерге заемдар үлесі, %
			ҚР резиденті еместерге берілген заемдар	ҚР резиденті еместерге жиынтық займдардағы банктің ҚР	
1	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 330,7	272,9	16,2	11,7
2	"БТА Банк" АҚ	2 275,8	1 245,1	73,8	54,7
3	"Народный Банк Казахстана" АҚ	1 219,4	84,5	5,0	6,9
4	"АТФБанк" АҚ	831,7	13,4	0,8	1,6
5	"Банк ЦентрКредит" АҚ	671,3	24,6	1,5	3,7
6	"Альянс Банкі" АҚ	577,1	15,7	0,9	2,7
7	"БТА БАНК" АҚ ЕҰ - "ТЕМІРБАНК" АҚ	256,2	2,1	0,1	0,8
8	"KASPI BANK" АҚ	251,9	0,0	0,0	0,0
9	"Нұрбанк" АҚ	237,6	9,7	0,6	4,1
10	"Еуразиялық Банк" АҚ	196,8	15,8	0,9	8,0

11	"Ресей Жинақ Банкі" АҚ ЕБ	113,8	0,0	0,0	0,0
12	"Цеснабанк" АҚ	109,8	2,2	0,1	2,0
13	"HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	61,6	0,4	0,0	0,7
14	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ	56,3	-	-	-
15	"Казинвестбанк" АҚ	52,9	0,0	0,0	0,1
16	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	52,1	-	-	-
17	"RBS (Kazakhstan)" АҚ ЕБ	43,1	0,0	0,0	0,1
18	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	39,9	0,1	0,0	0,1
19	"Delta Bank" АҚ	22,1	-	-	-
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕБ" АҚ	19,8	0,1	0,0	0,6
21	"Астана-финанс" Банкі" АҚ	11,2	0,0	0,0	0,0
22	"Хоум Кредит Банк" АҚ	7,9	0,0	0,0	0,6
23	"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ	4,3	-	-	-
24	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,2	0,5	0,0	12,2
25	"Банк Позитив Қазақстан" АҚ	3,6	0,1	0,0	2,1
26	"Заман-Банк" АҚ	3,4	-	-	-
27	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	2,8	-	-	-
28	"Сенім-Банк" АҚ	2,6	-	-	-
29	"Банк Kassa Nova" АҚ	2,2	-	-	-
30	"Мастербанк" АҚ	1,9	-	-	-
31	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,7	0,0	0,0	0,3
32	"Казинкомбанк" АҚ	1,5	-	-	-
33	Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕБ	1,4	-	-	-
34	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,2	-	-	-
35	Қазақстандағы "Пәкістан ҰБ" ЕБ АҚ	1,0	0,1	0,0	5,8
36	"Данабанк" АҚ	0,8	-	-	-
37	" Алматы қаласындағы Қытайдың СӨБ" АҚ	0,3	0,3	0,0	100,0
38	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	0,0	0,0	0,0	43,0
39	"Al Hilal" Ислам Банкі" АҚ	0,0	0,0	0,0	0,0
<b>Жиынтығы:</b>		<b>9 471,9</b>	<b>1 687,9</b>	<b>100,0</b>	<b>17,8</b>

1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 25,8%, күмәнділер - 44,3%, үмітсіздер - 29,9% болды (міндеттемелерді қайта құрылымдау жөнінде шешім қабылдаған<sup>1</sup> бойынша банктерді ескермегенде кредиттік портфельдегі үмітсіз кредиттердің үлесі – 9,5%). 5-санатты күмәнді және үмітсіз заемдарға қатысты кредиттер сомасы (біркелкі кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып)<sup>2</sup> 3 404,6 млрд. теңге болды немесе жиынтық несие портфелінің 35,9%-ын құрады (міндеттемелерді қайта құрылымдау жөнінде шешім қабылдаған бойынша банктерді ескермегенде осы көрсеткіш жиынтық несие портфельдің 1 085,8 млрд. теңге немесе 17,1%-ын құрады) кредиттік без учета банков, по которым



2 3 404,6 млрд.



<sup>2</sup> Бірыңғай кбойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялардың сомасы иктінде ескеріледі.

Төлемдер бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар заемдар ағымдағы жылдың 1 сәуірінде 2 372,9 млрд. теңге болды немесе банктердің несиелік портфелінің 25,1%-ын құрады (міндеттемелерді қайта құрылымдау жөнінде шешім қабылдаған бойынша банктерді ескермегенде осы көрсеткіш жиынтық несиелік портфельдің 1 035,0 млрд. теңге немесе 16,3%-ын құрады).

1 сәуірдегі жағдай бойынша заемдар жөніндегі провизиялардың (резервтердің) көлемі 3 500,7 млрд. теңге болды немесе кредиттік портфельдің 37,0%-ын құрады.

1 сәуірдегі жағдай бойынша экономика салалары қимасындағы заемдар (жеке тұлғаларды және жеке кәсіпкерлерді ескермегенде) 2010 жылғы наурыз айында 68,0 млрд. теңгеге немесе 0,9%-ға азайып, 7 308,1 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар, экономикада заемдар құрылымында салалар бойынша үлестер: құрылыста – 26,2%; саудада – 26,5%; өндірістік емес салада – 24,0%; өнеркәсіпте – 14,8%; ауыл шаруашылығында – 4,0%; көлікте – 2,9%; жеке қызметте – 0,7%; байланыста – 0,8% болды.

1 сәуірдегі жағдай бойынша банк секторының жиынтық міндеттемелері 12 445,1 млрд. теңгені құрайды. Олардың ішінен ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер 2010 жылғы наурыз айында 437,4 млрд. теңгеге немесе 10,6%-ға азайып, жиынтық міндеттемелердің 3 683,3 млрд. теңгені құрады. «Альянс Банкі» АҚ-ның міндеттемелерін қайта құрылымдауын өткізу ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелердің азаюына мүмкіндік бергенін айтып кету керек. ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер жиынтық міндеттемелерден 4,0 пайыздық тармаққа жылдың басында 33,6%-дан бастап 2010 жылғы 1 сәуірде 29,6%-ға дейін азайды.

Шетел валютасында номинирленген міндеттемелер ЕДБ жиынтық міндеттемелерінің 48,9%-ын немесе 6 084,6 млрд. теңгені құрады.

1 сәуірдегі жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасы (банктерден басқа) 2010 жылғы наурыз айында 285,3 млрд. теңгеге немесе 3,8%-ға азайып (заңды және жеке тұлғалар депозиттерінің азаюы арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 473,2 млрд. теңгеге азаюына байланысты) 7 297,9 млрд. теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдарының сомасы (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдарын есепке алусыз) 4 492,6 млрд. теңгені


#### 2010 жылғы 1 сәуірде заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдардың құрылымы

Атауы	Барлығы	млрд. теңге		
		Несие портфелінің үлесі, %	Арнайы провизиялар	Заемдардың үлесі, %
Заңды тұлғаларға берілген банк заемдары	6 218,7	65,7	2 560,0	41,2
Жеке тұлғаларға берілген банк заемдары, оның ішінде тұтыну мақсатта	1 812,2	19,1	399,3	22,0
тұрғын үй құрылысына және саип алуға (ипотекалық тұрғын үй заемдарын қоспағанда)	778,4	8,2	189,9	24,4
ипотекалық тұрғын үй заемдары	96,7	1,0	20,2	20,9
автокөлік сағып алуға	746,8	7,9	139,7	18,7
өзге банктік заемдар	53,3	0,6	10,8	20,3
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банк заемдары	137,1	1,4	38,7	28,3
Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген банк заемдары	1 233,10	13,0	465,1	37,7
<b>Несие портфелі</b>	<b>9 471,9</b>	<b>100,0</b>	<b>3 500,5</b>	<b>37,0</b>

#### 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша өтеуге дейін қалған төлем мерзімі бойынша ЕДБ, ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелері

Атауы	млрд. теңге
талап еткенге дейін	237,8
1 айға дейін	312,2
1 айдан 3 айға дейін	249,1
3 айдан 6 айға дейін	146,3
6 айдан 1 жылға дейін	193,2
1 жылдан 2 жылға дейін	484,6
2 жылдан 3 жылға дейін	178,2
3 жылдан 5 жылға дейін	719,5
5 жылдан жоғары	1129,9
Қаржылық емес міндеттемелер	32,5
<b>ҚР резиденті еместер алдындағы міндеттемелер</b>	<b>3 683,3</b>

#### ЕДБ салымдары



(салымдардың жалпы сомасының 61,6%-ын) құрады. Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары 2010 жылғы наурыз айында 473,2 млрд. теңгеге немесе 36,4%-ға азайып, 827,6 млрд. теңгені құрады. Жеке тұлғалар салымдарының сомасы 1 977,7 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 27,1%-ын) құрады. 1 сәуірдегі жағдай бойынша шетел валютасында номинирленген клиенттердің салымдары жиынтық салымдарының (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдарының салымдарын есепке алусыз) 42,2%-ын немесе 2 731,6 млрд. теңгені құрады.

1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты өтімділігі жоғары активтерінің үлесі 22,3%-ды құрады.

1 сәуірде екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 1 158,2 млрд. теңгені құрады. Шығыстар сомасы – 591,7 млрд. теңге (есепті күнде болған 3,1 млрд. теңге табыс салығын есепке алусыз). 1 сәуірде банктердің кірісі – 263,4 млрд. теңгені құрады.

Банк заңнамасын бұзғаны үшін банктерге наурыз айында 3 жазбаша ұйғарым, 3 міндеттеме хат, 4 жазбаша ескерту шығарылды.


2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сот шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 3 банк түр ("Валют-Транзит Банкі" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ, "Бизнесбанк" ААҚ).

2010 жылғы 29 наурызда Агенттік Басқармасының екінші деңгейдегі банктердің және банк конгломераттарының қызметтерін реттеу мәселелері жөнінде өткен отырысында «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу бойынша құжаттаманы жүргізу ережесі» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулы қабылданды.

**САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ (алдын ала деректер бойынша)**


2010 жылғы 1 сәуірде Агенттікпен берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 41 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызмет етті, бұл ретте өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия 7 ұйымда бар, көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бйынша лицензия - 28 ұйымда бар. Сондай-ақ, сақтандыру қызметі нарығында 13 сақтандыру брокері және 63 актуарий қызметін жүзеге асыруда.

Сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 2010 жылғы 3 ай ішінде 10,2%-ға өсіп, 1 сәуірде 327,6 млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 3,8%-ға өсіп, 187,3 млрд. теңгені құрады. Сақтандыру резервтерінің сомасы 118,4 млрд. теңгені құрады.



Тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйлықақыларының көлемі 1 сәуірде 41,5 млрд. теңге болды, бұл 2009 жылғы ұқсас көрсеткіштен 66,0%-ға көп. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 7,7 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 26,2%), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 8,9 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 61,8%), ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 24,9 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 84,4 %) болды.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 сәуірде 3,7 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 2,2 есеге) болды, ал жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандырудың үлесі 8,8% (2009 жылғы 1 сәуірде 6,6% болған) болды.



1 сәуірдегі жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 24,1 млрд. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 58,1%-ын құрады, бұл ретте ҚР резиденті еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 52,2%-ы берілді (2009 жылғы 1 сәуірде ҚР резиденті еместерге қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 54,3% болған).

2010 жылғы 3 айда тікелей сақтандыру шарттары бойынша жүргізілген сақтандыру төлемдерінің көлемі 5,9 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 13,5%-ға көп. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 2,2 млрд. теңге болды (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 10,0%), ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру бойынша – 2,6 млрд. теңге (ұлғаюы өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 44,4%) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 1,1 млрд. теңге (01.04.2009ж.жағдай бойынша -1,1 млрд. теңге) болды.

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

Наурыз айында сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнаманы бұзушылықтарын жою мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына Агенттік 8 жазбаша ұйғарым, 6 міндеттеме хат жіберді және 1 жазбаша Келісім жасады.

Алматы қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2010 жылғы 5 наурызда «НАСКО-Қазақстан» Халық сақтандыру компаниясы» АҚ мәжбүрлеп тарату жөнінде шешім қабылдады, ол 2010 жылғы 26 наурыздан күшіне енді.

2010 жылғы 1 сәуір жағдайы бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 4 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы тұр (АО "Валют-Транзит Полис"СК" АҚ, "Валют-Транзит Life" ӨСЖ" АҚ, «Алтын Полис» СК» АҚ және «НАСКО-Қазақстан» ХСК» АҚ).

## ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ

*2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 77 филиалы және 49 өкілдігі бар.*

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 14 заңды тұлғада бар, олардың ішінде 10 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар. Наурыз айында жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия берілген жоқ.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1 950,7 млрд. теңгемен 7 767 650 болды. Наурыз айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 8 102,0 бірлікке (0,1%) өсті, жинақталған зейнетақы қаражаты сондай-ақ 37,2 млрд. теңгеге (1,9%) өскен.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 1,1 млрд. теңгемен 40 236 болды. Наурызда ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың шоттарының саны 416 бірлікке (1,0%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы қаражаттары бойынша салымшылар (алушылардың) шоттарының саны наурыз айында 4 бірлікке азайып, 2010 жылғы 1 сәуірде жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 90,9 млн. теңгемен 4 062 шот болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы наурызда 37,2 млрд. теңге (1,9%) өсіп, 2010 жылғы 1 сәуірде 1 956,1 млрд. теңге болды. Зейнетақы жарналарының жалпы келіп түсуі наурызда 26,8 млрд. теңгеге (1,7%) өсіп, 2010 жылғы 1 сәуірде 1 565,5 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) наурыз айында 16,8 млрд. теңгеге (3,4%) өсіп, 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 517,3 млрд. теңге болды.

Салымшылар (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі наурызда 0,4 пайыздық тармаққа ұлғайып, 2010 жылғы 1 сәуірде 26,5% болды.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 147,6 млрд. теңге болды.


Наурыз айында қорлармен алушыларға жалпы сомасы 5,0 млрд. теңге (3,5%) зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан басқасына аударым жасау наурыз айында 36,0 млрд. теңгеге (4,7%) өсіп, 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 807,3 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылдық кезеңде (2005 жылғы наурыз – 2010 жылғы наурыз) – 46,30% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 62,67%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 43,47%;

- 3 жылдық кезеңде (2007 жылғы наурыз – 2010 жылғы наурыз) – 20,10% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 38,57%);

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



теңге болды.

- 12 айда (2009 жылғы наурыз – 2010 жылғы наурыз) – 9,34% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 7,2%).

2010 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларына 2 міндеттеме хат және 2 жазбаша ұйғарым жіберілді.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры тұр («Валют-Транзит Қор» ЖҚ» АҚ).

## БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

*Корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны 2010 жылғы 1 сәуірде 2 191 қоғам болды. Сондай-ақ, нарықта 83 брокер-дилер, 11 тіркеуші, 11 кастодиан банк, 14 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (ЗАИБЖҰ), 49 инвестициялық портфельді басқарушы және 3 трансфер-агент жұмыс істейді.*

2010 жығы наурызда 69 акция шығарылымы (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымын есепке алғанда) тіркелді.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың наурыз айында жалпы номиналды құны 2,0 млрд. теңгеге 1 облигациялар шығарылымы тіркелді. Есепті айда облигациялық бағдарламалар тіркелген жоқ, осылайша қолданыстағы облигациялық бағдарламалардың саны 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жалпы номиналды құны 3 647,3 млрд. теңгеге 65 шығарылым болды.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша айналыста 399 қолданыстағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдары болды, олардың жиынтық номиналды құны 5 289,5 млрд. теңгені құрады.

Бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеп тұрған инвестициялық пай қорларының саны 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 181 (140 – жабық, 16 – ашық және 25 – аралық) болды. Сонымен қатар, есепті кезеңде нарықта 39 акционерлік инвестициялық қор қызмет атқарады.

2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша –309 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 98 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 2 шығарылым.

Сондай-ақ, 2010 жылғы наурыз айында «Баламалы қаржылар» АҚ және «Қазақстан Қағазы» мынадай ұлттық сәйкестендіру нөмірлері берілген KZPC1Y05C145, KZ2CKY05B448, KZPC2Y07C024, KZ2C0Y05D117 облигациялар бойынша дефолтқа ұшыратты.


ҚР қолданыстағы заңнамасының бағалы қағаздар нарығы бойынша жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты 3 жазбаша ұйғарым, 4 міндеттеме хат жіберілді.

2010 жылғы 29 наурыз айында бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша болып өткен Агенттік Басқармасының отырысында бірқатар қаулылар қабылданды:

- «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»;

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»;

- «Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылары үшін пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы».



**БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕКЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)**

*2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республиканың қаржы нарығында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 6 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 9 ұйым тіркелді.*

**Негізгі көрсеткіштер**

Ағымдағы жылдың 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы 78,2 млрд. теңге болды, ағымдағы жылдың басынан бастап азаюы - 2,1 млрд. теңге немесе 2,6%.



Жиынтық міндеттемелер 2010 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 2,1 млрд. теңгеге немесе 3,4%-ға азайып, 59,6 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың баланс бойынша меншікті капиталы 18,6 млрд. теңге болды.

Есеп беру күнінде ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 64 млрд. теңге болды, бұл ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы көрсеткіштен 6,4%-ға (4,4 млрд. теңгеге) төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында 2010 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 72,1%, күмәнділердің үлесі – 18,4%, үмітсіздердің үлесі – 9,4% болды. (2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі – 67,3%, күмәнділердің үлесі – 29,8%, үмітсіздердің үлесі – 3% болды.

«ҚазИпотека» ипотекалық ұйымы» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» АҚ-на қосылу жолымен оның қайта ұйымдастырылуына және жаңа заңды тұлғаның құрылуына байланысты Агенттіктің «ҚазИпотека» ипотекалық ұйымы» АҚ-ға берілген 07.10.2008ж. №57 лицензиясының қолданылуы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабаның 1-тармағының 4) тармақшасының негізінде тоқтатылды.

Наурыз айында ипотекалық ұйымдардың қызметін реттейтін заңнамасының бұзушылықтарын жою мақсатында, Агенттік банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарына 1 міндеттеме хат жолдады.



**ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ**

2010 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік) жеке және заңды тұлғалардан 262 өтініш келіп түсті, оның ішінде: 224 жазбаша өтініштер және Агенттік Тайымының атына ҚР Үкіметінің электронды порталының блог-платформасына (бұдан әрі – блог-палтформа) келіп түскен 38 өтініштер, оның ішінде:

– 79 өтініш – екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі - банктер) қатысты (жалпы санының 30.15%), 127 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 97 өтініштерді қосқанда) – 3 негізделген (қаралған жалпы санының 2.36%);

– 7 өтініш – банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының қызметіне қатысты (жалпы санының 2.67%), 3 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 2 өтініштерді қосқанда) – 0 негізделген;

– 36 өтініш – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметтеріне және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ қатысты (жалпы санының 13.74%) және 37 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 29 өтініштерді қосқанда) - 6 негізделген (қаралғандардың жалпы санының 16.22%);

– 10 өтініш – бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметтеріне қатысты (жалпы санының 3.82%), 4 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 3 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– 19 өтініш – жинақтаушы зейнетақы қорлардың қызметіне қатысты (бұдан әрі - ЖЗҚ) (жалпы санының 7.25 %), 17 қаралған өтініштердің (өткен кезеңдерде келіп түскен 9 өтініштерді қосқанда) - 0 негізделген;

– 77 заңды және жеке тұлғалардың (оның ішінде қаржы ұйымдары) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнама нормаларын түсіндіруді ұсыну туралы өтінішпен ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен сұрату (жалпы санының 29.39%);

– 34 Агенттіктің құзыретіне кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 12.40 %) кірмейтін мәселелері бойынша өтініштер (жалпы санының 12.98 %).

Төменде екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, ЖЗҚ, бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, акционерлік қоғамдардың бөлігіндегі өтініштері және олардың 2010 жылғы ақпанда келіп түскен өтініштердің жалпы көлемінің үлес салмағы туралы мәліметтер көрсетілген:

1-кесте

№	Қаржы нарығының субъектілері (қаржы ұйымдары, акционерлік қоғамдар)	Есепті кезеңде			
		Келіп түскен өтініштер		Қаралуы аяқталған	Есеп беру кезеңнің аяғында қаралу үстінде
		Саны	Қаржы нарығының тиісті секторындағы келіп түскен өтініштердің үлес салмағы, %	Саны**	
<b>Екінші деңгейдегі банктер</b>					
1	«БТА Банк» АҚ	10	12.66	2	8

2	«Kaspi Bank» АҚ	10	12.66	1	9
3	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	9	11.39	4	5
4	«Банк ЦентрКредит» АҚ	8	10.13	5	3
5	«Альянс Банкі» АҚ	8	10.13	3	5
6	«Казкоммерцбанк» АҚ	7	8.86	3	4
7	«БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ	6	7.59	2	4
8	«Цеснабанк» АҚ	5	6.33	1	4
9	«Валют Транзит Банк» АҚ	5	6.33	5	0
10	«АТФ Банк» АҚ	3	3.80	0	3
11	«Нұрбанк» АҚ	2	2.52	1	1
12	«Хоум Кредит Банк» («Алма- Ата» ХБ» АҚ) АҚ	2	2.52	2	0
13	«Еуразиялық банк» АҚ	1	1.27	1	0
14	«Ресей Жинақ банкі» АҚ	1	1.27	0	1
15	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	1	1.27	0	1
16	«Астана-Финанс» Банкі» АҚ	1	1.27	0	1
	<b>Жиынтығы:</b>	<b>79</b>	<b>100</b> <b>30,15*</b>	<b>30</b>	<b>49</b>
<b>Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар</b>					
1	«ДИО АО «БТА Банк» АҚ ЕИҰ» «БТА Ипотека» АҚ	6	85.71	0	6
2	«Ауыл шаруашылығына қаржылық қолдау көрсету қоры» АҚ	1	14.29	1	0
	<b>Жиынтығы:</b>	<b>7</b>	<b>100</b> <b>2.67*</b>	<b>1</b>	<b>6</b>
<b>Сақтандыру нарығы</b>					
1	«Атланта Полис» СК» АҚ	8	22.21	2	6
2	«Нұрбанк» АҚ «Нурполис» СК ЕҰ АҚ	4	11.10	0	4
3	«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ	3	8.33	1	2
4	«БТА Өмір» БТА Банкінің өмірді сақтандыру еншілес компаниясы » АҚ	3	8.33	0	3
5	«Алтын Полис» СК» АҚ	3	8.33	3	0
6	«Казкоммерц-Полис» СК» АҚ	2	5.56	0	2
7	ҚазКСР Мемл сақтандыру	2	5.56	1	1
8	«Premier Страхование» СК» АҚ	2	5.56	0	2
9	"Kaspi Bank" АҚ "Алматы Халықаралық Сақтандыру Тобы" ЕК" АҚ	1	2.78	0	1
10	"Amanat insurance СК" АҚ	1	2.78	0	1
11	«Астық сақтандыру компаниясы» АҚ	1	2.78	0	1
12	“НОМАД Иншуранс“СК“ АҚ	1	2.78	0	1
13	"Пана Иншуранс" СК" АҚ	1	2.78	0	1
14	"ЭкоПолис" СК" АҚ	1	2.78	1	0
15	"Alliance - Өмірді сақтандыру" сақтандыру компаниясы" АҚ	1	2.78	0	1

16	“Астана-Финанс” сақтандыру компаниясы“АО	1	2.78	0	1
17	"Гранит Полис" ОВС	1	2.78	1	0
	<b>Жиынтығы:</b>	<b>36</b>	<b>100</b>	<b>9</b>	<b>27</b>
			<b>13.74*</b>		
<b>Бағалы қағаздар нарығы</b>					
1	«Unicorn IFC» АҚ басқаруымен «Нәсіп» АПИҚ	2	20.00	0	2
2	"Алматыгипрогор" АҚ	1	10.00	0	1
3	«БТА Банк» АҚ	1	10.00	0	1
4	"Бірлік" АҚ	1	10.00	0	1
5	"Қамқор-1" АТ АҚ	1	10.00	0	1
6	«Caspian Resources» ЖШС	1	10.00	0	1
7	Азцесинвест ИПҚ	1	10.00	0	1
8	«Павлодарагропромстрой» ОӨТК» холдингі компаниясы АҚ	1	10.00	1	0
9	"Мұнай газ" АҚ	1	10.00	0	1
	<b>Жиынтығы:</b>	<b>10</b>	<b>100</b>	<b>1</b>	<b>9</b>
			<b>3.82*</b>		
<b>Жинақтаушы зейнетақы жүйесі</b>					
1	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	6	31.59	2	4
2	«РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ	5	26.32	5	0
3	"Ұлар Үміт" ЖЗҚ" АҚ	4	21.05	2	2
4	«Атамекен» ЖЗҚ» АҚ	1	5.26	0	1
5	«Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ» АҚ	1	5.26	0	1
6	«МЖЗҚ» ЖЗҚ» АҚ	1	5.26	0	1
7	«Капитал» ЖЗҚ» АҚ	1	5.26	0	1
	<b>Жиынтығы:</b>	<b>19</b>	<b>100</b>	<b>9</b>	<b>10</b>
	<b>ЖИЫНТЫҒЫ:</b>	<b>151</b>	<b>57.63*</b>	<b>51</b>	<b>100</b>

\*- жалпы келіп түскен өтініштер санының сектордың үлес салмағы

\*\* өтініштердің барлығы негізделген болып табылмайды

## Банк секторы

Наурыз айында Агенттікке банк қызметінің мәселелері бойынша 79 өтініш келіп түсті.

Халық үшін мынадай мәселелер өзекті болып қалуда:

- заемдарды қайта құрылымдау, оның ішінде заемдарды өтеу мерзімдерін ұзартуға, ипотекалық заемдар бойынша сыйақы ставкасын азайту жағын және заемдар бойынша өсімпұлды жоюды қайта қарау;

- кепілге қойылған мүлікті соттан тыс сату;

- төлем карточкаларымен операциялар жасау;

- заем бойынша ай сайынғы төлем, сондай-ақ шартта белгіленген сыйақы ставкасына және қосымша комиссиясына қарап, жылдық тиімді сыйақы ставкасы (бұдан әрі – ЖТСС) есебінің дұрыстығын тексеру;

- банк салымдарын жүргізу және қызмет көрсету;

- мемлекеттік дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында борыштарды қайта құрылымдаудан бас тарту.

Барлық жоғарыда көрсетілген жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде ҚР резиденті еместердің өтініштері бойынша тиісті түсіндірулер берілді.

Агенттік алдыңғы есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Банк ЦентрКредит» АҚ:

- Банк қызметкерлері заемшының құқығын белгілейтін және құқығын куәландыратын құжаттарын жоғалтқандықтан Банкке жазбаша ескерту түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

«БТА Банк» АҚ:

- «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-на заемшы туралы жалған ақпарат берілгендіктен, Банкке «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-мен және заемшымен болған жағдайды реттеу қажеттігі жөнінде хат жіберілді.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Агенттікке 2010 жылғы наурыз айында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша 7 өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде келіп түскен өтініштер мынадай мәселелерді қозғады:

- сыйақы ставкасының ұлғаюы;
- кепілге қойылған мүлікті сату;
- заемдарды қайта құрылымдау.

Сақтандыру нарығы

Агенттікке 2010 жылғы наурыз айында сақтандыру қызметінің мәселелері бойынша 36 өтініш келіп түсті.

Бұл ретте:

- міндетті сақтандыру бойынша – 19 өтініш;
- ерікті сақтандыру бойынша – 10 өтініш;
- сақтандыру сыныбы көрсетілмеген – 7 өтініш.

Өтініштердің негізгі бөлігі сақтандыру ұйымдары міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмау, уақытылы және толық көлемінде жүргізбеу мәселелеріне қатысты болды.

Агенттік есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша қызметтегі мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Мұнай сақтандыру компаниясы»: АҚ

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға негізсіз бас тартуына байланысты сақтандыру компаниясына міндеттеме хатын талап ету түрінде шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды.

Агенттік алдыңғы есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау нәтижелері бойынша мынадай жөнсіздіктерді анықтады:

«Атланта Полис» СК» АҚ:

- 3 арызды қарау нәтижесі бойынша заңнамада көзделген сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мерзімін, сондай-ақ өтініш берушінің мүлігіне келген зиянның мөлшерін бағалау жөніндегі есеппен танысу мерзімін бұзғаны анықталды. Осыған байланысты Агенттік «Атланта Полис» СК» АҚ-ға қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі мәселені қарауда.

«Қазақмыс» СК» АҚ:

- сақтандыру ұйымы сақтандыру агентінің айлакерлік әрекеттері салдарынан көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өтініш берушіге сақтандыру төлемдерін жүргізуге бас тартқандықтан сақтандыру ұйымына тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктерді көрсетіп және сақтандыру агентінің қызметін бақылауы болмағаны жөнінде хат жіберілді.

«Пана Иншуранс» СК» АҚ және «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ:

- өтініш берушілерге сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға негізсіз бас тартқандықтан, көрсетілген ұйымдарға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде ұсыныс сипатындағы хат жіберілді.

Бағалы қағаздар нарығы

2010 жылғы наурыз айында Агенттікке бағалы қағаздар нарығының мәселелері бойынша 10 өтініш келіп түсті.

Өтініштер инвестициялық пай қорларының қызметі, дивидендерді төлемеу, бағалы қағаздармен операцияларды жүргізу тәртібі туралы түсіндірулерді ұсыну жөніндегі қолданыстағы заңнаманың түсіндірулері мен ақпаратты алу мәселелерін қозғайды.

#### Жинақтаушы зейнетақы жүйесі

2010 жылғы наурыз айында Агенттікке ЖЗҚ-ның мәселелері бойынша 19 өтініш келіп түсті.

Есепті кезеңде қаралған өтініштер мен арыздардың көбі мынадай мәселелерді қозғады:

- салымшының өз еркінісіз не зейнетақымен қамсыздандыру шартын жасамай жинақталған зейнетақы қаражатын аудару;

- бір қордан екіншіге аударған кезде жинақталған зейнетақы қаражатының азаюы;

- жинақталған зейнетақы қаражатын төлеуден бас тарту.

Барлық жоғарыда көрсетілген және өзге жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша тиісті түсіндірулер берілді.

Агенттік алдыңғы есепті кезеңде «Қорғау» ЖЗҚ» АҚ-ның әрекеттеріне келіп түскен арызды қарау нәтижесі бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударған мерзімін бұзғанын анықтады, осыған байланысты Агенттік Қорға қатысты заңнамада көзделген шектеулі ықпал ету шарасын қолдану мәселесін қарауда.